

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 10 (490) 20 маусым 2020 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

РӘМІЗГЕ ҚҰРМЕТ - ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ!

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер мерекесін онлайн форматта атап өтті. Онлайн тәртібімен өткізілген шараға әлемнің бірнеше елінен 500-ге жуық азамат қатысты.

2 бетте

ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІНІҢ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАП БОЛЫП ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Мармара университеті және Стамбул университеттерінің ұйымдастыруымен Түркияның Стамбул қаласында өткен «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» деп аталатын VIII Халықаралық Түркология Конгресінің мақалалар жинағы электронды кітап болып жарыққа шықты.

2 бетте

ҮШ БІРДЕЙ ХАНДЫҚТЫҢ ОРТАЛЫҒЫ БОЛҒАН ШАҒАР

2020 жыл 11 маусым күні Көне қала : Ортағасырлық Сығанақ қаласының зерттелуі: өткені, бүгінгі және келешегі тақырыбындағы кездесу сұхбаты өтті.

3 бетте

ЕРІКТІЛІК ДЕГЕН НЕ ?

Мен Халықаралық қазақ-түрік университетінің ағылшын – қытай мамандығының 3 курс студентімін. Сонымен қатар Түркістан облыстық Жас Отан Жастар қанатының волонтерімін. Еріктілік соңғы уақытта менің өмірімнің мәніне айналды.

7 бетте

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ДОСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ БОЛҒАН ОҚУ ОРДА

Құрметті Талапкер! Сіздерді Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алуға шақырамыз! Білім – мықты капитал. Біздің университетіміздің болашағы зор!



Бұл университеттің құрылғанына биыл – 29 жыл. Әрине, аз да емес, көп те емес. Бірақ, осы уақыт аралығында оқу ордасы Еліміздегі ең үздік жоғары оқу орындарының қатарына енді. Инновациялардың ошағына айналды. Университеттің негізін қалаудағы мақсат та осы еді. Демек, көздеген меже орындалды.

Сондай сындарлы саяси шешімнің арқасында алғаш бұл университет Елбасымыз Н.Назарбаевтың тапсырмасымен рухани астанамыз – Түркістан қаласын өркендету мақсатында 1991 жылғы 6 маусымда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік университеті болып құрылды. Ал «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік

университеті етіп қайта құру туралы» келісімге араға жыл салып, яғни 1992 жылғы 31 қазанда Елбасымыздың бастамасымен сол кездегі Түркияның премьер-министрі С.Демирелдің қолдауымен құрылған болатын.

Осылайша, Ахмет Ясауи университеті – түркітілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған тұңғыш білім-ғылым ордасы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше мәртебеге ие болды.

Жалғасы 4-бетте

УНИВЕРСИТЕТ КІТАПХАНАСЫ КАРАНТИН КЕЗІНДЕ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕДІ?

Түркиядағы ANKOS кітапханалар консорциумының ұйымдастыруымен «Кітапханашылардың пандемия кезіндегі көзқарастары» атты Халықаралық онлайн-вебинар өтті.

Онлайн жиынға Қазақстан, Македония, Әзірбайжан, Австралия, Германия және Түркияның жоғары оқу орындары кітапханаларының өкілдері қатысып, кітапханашылар карантин кезінде оқырмандарға қалай қызмет көрсеткені жөнінде тәжірибелерімен бөлісті. Онлайн вебинарда университетіміздің Ақпараттық ресурстық орталығының басшысы М.Абсеметова «Университет кітапханасы COVID-19 кезеңінде» тақырыбында баяндама жасап, кітапханада төтенше жағдай кезінде университетіміздің оқытушылары мен студенттеріне <http://library.yau.edu.kz> веб-сайтындағы оқу процесіне қажетті pdf форматтағы электронды оқулықтарды қашықтықтан пайдалануына және Rmeb электронды кітапханасын <http://rmebrk.kz/social/login> жыл бойы тегін пайдалануға толық мүмкіндік жасалғандығын атап өтті. Сонымен қатар, оқу жылының аяқталуына байланысты кітапханаға кітаптарды байланыссыз қайтару бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды. Пайдаланушылар кітап өткізуде кітапхананың <http://lib.yau.edu.kz> сайтында берілген «Университет кітапханасы COVID-19 кезеңінде» сілтемесі бойынша алдын-ала жазылу арқылы жүзеге асырады. Кітапханада кітаптарды қабылдауға арналған арнайы қабылдау пунктін ұйымдастырылған. Пайдаланушы кітапты қайтару парағын толтырып, кітаптарын кітапханада арнайы ашылған пункте қойылған қорапқа салып кетеді. Қабылданған кітаптар қайтарылған күні көрсетіле отырып, 10-14 күнге дейін оқшауланған бөлмеде қалдырылады. Пайдаланушылардан кітаптарды қабылдау кезінде қолданылатын құралдар мен RFID жабдықтарын дезинфекциялау жұмыс күні ішінде сағат сайын жүргізілетіндігін жеткізді.

Онлайн-вебинарға қатысушылар өз елдеріндегі карантин кезіндегі кітапханада атқарылған жұмыстар бойынша ұсыныс-пікірлерімен бөлісіп, тәжірибе алмасты.

Ақпарат орталығы



Photo by: NAKHYP SHINTEMIROV



Рәмізге құрмет – елге құрмет!



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер мерекесін онлайн форматта атап өтті. Онлайн тәртібімен өткізілген шараға әлемнің бірнеше елінен 500-ге жуық азамат қатысты.

Мерекелік шара Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталды. Жиын барысында университет президенті Болатбек Абдрасилов онлайн форматта қосылып, мерекені тамашалап отырған барлық азаматтарды мерекемен құттықтап, рәміздеріміздің тарихы мен мәні, еліміз үшін маңыздылығына жан-жақты оқталды.

Университетіміздің I вице-президенті ЖенгизТомар:

— Мемлекеттік рәміздер мерекесі Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл түркі елдері үшін де маңызды. Біз, Қазақстанның тәуелсіз ел болғанын қалаймыз. Бүкіл түркі халықтарының мемлекеттік мерекелері бәрімізге ортақ болу керек. Бүгінгі мереке құтты болсын!- деп өз тілегін жеткізді. Онлайн жиынға қатысқан Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және тағы да басқа елдерден ZOOM жүйесі арқылы қосылған ғалымдар мен ізденушілер қазақ елінің қуанышына ортақ екенін білдіріп, ізгі тілектерін жеткізді. Мерекелік шара соңында патриоттық әндер шырқалып, күй тартылды.

Ақпарат орталығы

Түркология Конгресінің мақалалар жинағы электронды кітап болып жарыққа шықты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Мармара университеті және Стамбул университеттерінің ұйымдастыруымен Түркияның Стамбул қаласында өткен «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» деп аталатын VIII Халықаралық Түркология Конгресінің мақалалар жинағы электронды кітап болып жарыққа шықты.

Кітап Түркия Республикасының Ұлттық кітапханасында электронды кітаптар бөлімінде (ISBN: 978-9944-237-80-2 İnceleme Araştırma Dizisi: 66 /Зерттеу сериясы: 66) тіркелді. Ғалымдардың түркі халықтарының рухани құндылықтары, дүниетанымы, тарихы, тілі мен әдебиеті, мәдениеті, өнеріне қатысты ғылыми-зерттеулерінде түркі халықтарының әлемдік өркениеттегі орны мен үлесі туралы ауқымды мәселелер қозғалған. Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Оңтүстік Корея, Зерттеулері топтастырылған бұл жинақ түркітанушы ғалымдар мен ізденушілерге арналған.



Türk Uygarlığı:
Köklü Geçmişten Günümüze

Türkî өркениеті:
түп тамырынан қазіргі заманға дейін

Istanbul/ Türiстан 2019 / Стамбул/ Түристан 2019

Түркология ғылыми-зерттеу институты

СТУДЕНТТЕР ОНЛАЙН-САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСТЫ

27-28 мамыр күндері оқу орнымызда жаңа форматта өткізілген ағымдағы сессияны ұйымдастыру мен өткізу, сонымен қатар оқытушылардың білім алушылармен кері байланыс орнату деңгейін бағалау мақсатында студенттерге арналған онлайн-сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнамаға 3141 студент қатысқан. Студенттеріміздің 95%-ы университеттің қашықтықтан оқыту жүйесіне жақсы және қанағаттанарлық деген баға берген. Емтихандардың қашықтықтан ұйымдастырылу деңгейі студенттердің 94%-ң көңілінен шыққан. Оқытушыларымыздың төтенше жағдай кезіндегі студенттермен кері байланыс деңгейі мен тілектестігіне студенттердің 98%-ы оң баға берген. Студенттердің 94%-ы емтихан кезінде қойылған бағаларын әділ деп таныған. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан студенттердің 99%-ы аралық бақылау мен емтихандар таза және адал өткенін растаған. Бұл сауалнама қорытындысы соңғы жылдары жасалған жүйелі жұмыстың нәтижесін көрсетіп отыр. Студенттеріміздің сауалнамадағы ой-пікірлер онлайн режимде өткен Сенат мәжілісінде талқыланып, оқу процесінің сапасын жақсарту мақсатында нақты шешімдер қабылданды.

«ТАЗА СЕССИЯ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Түркістан облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Таза сессия» акциясы өтті. Жиынның мақсаты — емтиханның ашықтығын қамтамасыз ету және жоғары білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, сондай-ақ студенттер мен оқытушылар арасында адалдық құндылығын кеңінен насихаттау.

«Таза сессия» акциясына университетіміздің Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президенті Әміреқұл Абуов, «Рухани жаңғыру» және тәрбие департаментінің директоры Ләззат Динашева, Академиялық мәселелер бойынша департамент директоры Талғат Ниязов және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Мирас Қарғабай, сондай-ақ «Түркістан — Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің менеджері Ерұлан Тұңғышбаев, «Jas Otan» Жастар қанатының өкілдері қатысты. Кездесу барысында Әміреқұл Абуов оқу орнымыздағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Кездесу барысында университет ғимаратында қойылған сенім жәшіктерін ашып, арнайы ситуациялық және студенттерге қызмет көрсету орталығы мен емтихан сұрақтарын өлшеу және бағалау бөлімі, қашықтықтан оқыту бойынша құрылған Call байланыс орталығының жұмыстарымен танысты. Университетіміздің Академиялық мәселелер бойынша департамент директоры Талғат Ниязов барлық онлайн емтихандар moodle (dot.ayu.edu.kz) платформасында және Zoom, Webex Meetings, Microsoft Teams қосымшалары арқылы өтіп жатқандығын және бейнебақылау арқылы қадағаланып, сессияның өту барысына прокторинг жасайтын арнайы жұмыс тобы құрылғандығын айтты. Сондай-ақ, Парасаттылық орталығы мен арнайы бекітілген мамандар онлайн емтиханның өту барысын жіті қадағалап отыратындығын жеткізді.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Мирас Қарғабай:

— Бүгін, біз, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Таза сессия» акциясы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстарымен таныстық. Көңіл толады. Өйткені, оқу орны қазіргі карантин жағдайына байланысты онлайн форматтағы емтихандарын жоғары деңгейде және жүйелі ұйымдастырған — деп атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Жиын соңында Әміреқұл Абуов университетте Агенттікпен бірлесіп қолға алынған бірқатар жобаның нәтижесіне тоқталып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатындығын жеткізді.

Ақпарат орталығы



ҮШ БІРДЕЙ ХАНДЫҚТЫҢ ОРТАЛЫҒЫ БОЛҒАН ШАҒАР

2020 жыл 11 маусым күні Көне қала : Ортағасырлық Сығанақ қаласының зерттелуі: өткені, бүгінгі және келешегі тақырыбындағы кездесу сұхбаты өтті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары Сығанақ қалашығында жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде ашылған архитектуралық құрылыс, қорғаныс жүйесі мен ғимараттар, кесенелермен таныстырды.

Маңызды жиынға Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ басшылығы, ғалымдар, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Сығанақ қаласының ашық аспан астындағы мұражайға айналуы халқымыздың тарихындағы мәңгі өшпес мәдени мұрамыз болып қалатындығы сөзсіз, ол елімізді үлкен қуанышқа бөлейді. Сонымен қатар, келешекте ашық аспан асты мұражайы негізінде осы өңірдің көптеген тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алатын, онда зерттеулер жүргізетін Республикалық археологиялық қорық мұражайы ашылуы жайында атқарылған жұмыстарды талқылады.

Биыл елдігіміздің, мемлекеттігіміздің нышаны – Қазақ хандығына 555 жыл толуда. Ал Қазақ хандығының жауһары - алғашқы астанасы болған Сығанақ қаласының тарихтағы орны ерекше. Үш бірдей хандықтың орталығы болған Сығанақтың әлі де ел білмейтін сырлары көп. Дегенмен, бүгінде тарихшылар мен археологтар көне қаланың орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, ежелгі шаһардың сырын айшықтай түсуге атсалысып жатыр. Атап айтқанда, 2003 жылдан бері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу орталығы Сығанақ қаласының орнында археологиялық жұмыстарды үздіксіз жасап келеді.

Сырдарияның орта ағысында орналасқан ортағасырдағы қалалардың ішіндегі атақты қалалардың бірі Сығанақ қаласы болып табылады. Қала Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы жерінде, аудан орталығы Жаңақорған кентінің батыс жағында 45 км жерде орналасқан. Қала Түркістан-Қызылорда тас жолы бойының оң жағында, 2 км жерде Сунақ ата қыстағының жанында орналасқан.

Сығанақ қаласының Қазақ тарихында алатын орны ерекше, себебі ол Қыпшақ хандығының (XI-XII ғ.) орталығы, Ақ Орданың (XIII-XIV ғ.), Әбілхайыр хандығының (XV ғ. екінші жартысы), Қазақ хандығының (XV ғ. соңы – XVI ғ. басы) астанасы болған қала.

Қаланың үш хандықтың астанасы болуының өзі, оның қойнауы тұнып тұрған шежіре екендігін көрсетеді. Қазіргі ашылып жатқан ғимараттардың өзі соның айғағы.

Сығанақ қаласы Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қала. Тоғыз жолдың торабында жатқан қаланың ғұмыры сонау алғашқы ортағасырдан басталған.

Ортағасырлық Сығанақ қаласын ғылыми түрде зерттеу тарихы XIX ғ. екінші жартысынан басталады. Қалаға алғаш рет 1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И. Лерх болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген. 1895 жылы Ташкент қаласында құрылған Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері Сығанақ қаласының тарихи топографиясына кеңінен тоқталды.

XX ғ. 70-ші жылдары қалаға ОАЭ-ның жетекшілері К.А.Ақышев пен К.М. Байпақовтар Отырар қаласының ұзақ жылдарғы зерттелуіне байланысты оның аймағындағы қалаларға барлау барысында қаланың топографиялық жағынан зерттеліп, бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама берген.

2003 жылдан бастап Сығанақ қалашығында археолог ғалым т.ғ.д., профессор С.Жолдасбаевтың басшылығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тарих

факультеті студенттері археологиялық далалық ғылыми практика жүргізетін базаға айналдырып зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Археологиялық зерттеу жұмысының барысында қаланың шығыс жағындағы басты қақпасының алдынан 120 м жерден бір мешіттің (ханаканың) орны тазаланды, ал қаланың солтүстік жағынан төрт бөлмелі кесененің орны ашылды. Қаланың солтүстік-шығыс жағындағы қорғанның жанынан 25x12 м жерде стратиграфиялық кесінді салынды. Бұл қаланың жасын анықтау үшін жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысы. Өзірше алынған материалдар XIII-XVIII ғасырлар арарсында қалада өмір сүрудің болғандығын көрсетті.

2009 жылдан бастап Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеу жұмыстарын Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты жүргізуде.

Ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген кешенді археологиялық зерттеулерді үш кезеңге бөлуге болады, олар:

1 кезең – 2003-2008 жылдар аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті бөлген қаржыға,

2 кезең – 2009-2013 жылдар аралығында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан бөлген 15 800 000 теңге,

3 кезең – 2014-2020-шы жылдар аралығында «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бөлген 58 357 143 теңге қаржысына жұмыстар атқарылды.

Бірінші кезең – 2003 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі бойынша Сығанақта тұрақты қазба жұмыстарын жүргізуге қаулы қабылданды. Университетінің тарих және археология мамандығы бойынша оқып жүрген студенттердің далалық практика кезінде жүргізетін объектісі болды.

Екінші кезең – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті тарапынан 005 «Қолдаңбалы ғылыми зерттеулер» бюджеттік бағдарламасы, 100 «Мәдениет саласындағы зерттеулер» аясында «Тарихи-мәдени мұра нысаны - ортағасырлық Сығанақ қаласында археологиялық зерттеулер жүргізу» атты ғылыми жоба бойынша зерттеулер жүргізді.

Үшінші кезең – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырмасы бойынша «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» атты ғылыми жобаны жүзеге асыруда.

Археология ғылыми-зерттеу институты атқарған зерттеулер барысында мешіт, кесене, тұрғын үйлер мен қорғаныс жүйесі ашылып зерттелді.

2019 жылдың тамыз-қыркүйек айлары Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Халықаралық Орта Азиялық зерттеулер институты (ЮНЕСКО) бірлескен археологиялық экспедициясы ортағасырлық Сығанақ қаласының көне қорымында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, төрт кесене орны ашылып зерттелді.

2003-2019 жылдар аралығында 1 500-ден астам көне жәдігерлер Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне өткізілді.

Қазіргі таңда ашылған құрылыстарды сақтап қалу үшін Ханак мен қақпа құрылыстарын «Қазқайтажаңғырту» мекемесі қайта қалпына келтірілу үстінде. Сонымен қатар, ескерткішті сақтап қалу мақсатында бірнеше шаралар да өз жалғасын табуда.



ҚАЗАҚ-ТҮРІК ДОСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ БОЛҒАН ОҚУ ОРДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Университетте қазіргі таңда барлығы 10 мыңға жуық студент, оның 1404 шетел азаматы 19 елден келіп білім алуда. Білімгерлер қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде білім алады.

Түркия үкіметі университетіміз үшін жыл сайын білім берудің барлық деңгейі бойынша (бакалавр, магистр, докторантура, резидентура) қазақстандық азаматтарға оқу квотасын, ал Қазақстан түркі дүниесі жастарына білім гранттарын бөліп келеді.

54 бакалавриат, 30 магистратура және 11 докторантура бағдарламалары бойынша жоғары білімді кәсіби мамандар дайындалады. Университетте 22 білім беру бағдарламасы бойынша қашықтықтан оқыту технологиясы жүзеге асқан 4 мамандық бойынша 3 диссертациялық кеңес ашылды. Олар мына мамандықтар: педагогика-психология; физика (білім бағыты); медицина; қоғамдық денсаулық сақтау.

«SCOPUS AWARD 2019» Халықаралық жалпыұлттық сыйлықтарын табыстау шарасы аясында университет «ЖЫЛ СЕРПІЛІСІ» сыйлығына ие болды. Оқу орны QS EESA 2020 бойынша Қазақстандық университеттер арасында 6 и н д и к а т о р д а н : интернационализация бойынша – 1, ғылыми зерттеу network бойынша – 3 орынды иеленді. Университетіміздің 6 оқытушы-профессорымыз «ЖОО-ның үздік оқытушысы», 4 ғалым «Мемлекеттік ғылыми стипендия» иегері атанды. Университеттің h-индексі – 11, Университет ғалымдарының мақалаларына сілтеме жасау индексі – 1.6, h-индексі бар ғалымдар саны – 191.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының елімізде төтенше жағдай енгізу туралы Жарлығына байланысты оқу процесін толығымен қашықтан оқыту режиміне ауыстыруды өз уақытында әрі жоғары деңгейде ұйымдастырды. Бұған университетімізде соңғы 5 жылдан бері сәтті жұмыс жасайтын, әрі магистратура бағдарламасы бойынша толық аппробациядан өткен КазТЕП (Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру) қашықтан оқыту жүйесі себеп болды. Бұл жүйе қашықтан оқыту бойынша Түркия тәжірибесі негізінде түркиялық мамандармен бірлесіп құрылған. Осы ақпараттық жүйенің ауқымы кеңейтіліп, 14-16 наурыз күндері аралығында барлық факультеттер жүйеге өткізілді. Қашықтан оқыту жүйесіне (<https://dot.ayu.edu.kz/>) офлайн дәріс жүргізу үшін MOODLE платформасы, ал онлайн вебинарлар үшін жүйесіне Zoom, Cisco Webex, BigBlueButton видеоконференция бағдарламалары «бір терезе» қағидасы негізінде интеграцияланған. Қосымша платформа ретінде Platonus және басқа да жүйелер (Google hangouts, YouTube, Whatsap т.б.) қолданыста бар.

Университетте бір мыңнан астам оқытушы-профессор құрамы жұмыс істесе, олардың 5 пайызы Түркиядан келген оқытушылар. Оқытушылардың 45 пайызының ғылыми дәрежесі бар. Сонымен қатар 6 ғылыми-зерттеу институты, 4 аккредиттелген ғылыми-зерттеу зертханасы және 4 ғылыми журналы бар. Университет түркі әлемінің түкпір-түкпірінен келіп, білім алатын жастар үшін алтын шаңыраққа айналды.

Университет кітапханасы

4 қабатты заманауи талаптарға сай жабдықталған кітапхана қызмет көрсетеді. Кітапхана жұмысы халықаралық деңгейдегі алдыңғы қатарлы кітапханалармен деңгейлес болуы мақсатында материалды-техникалық базасын үнемі озық технологиялармен толықтырып отырады. Кітапхананың 4-ші қабатында оқырмандардың пайдалануына қолайлы болуы үшін 50 орынды кафетерий орналасқан. Оқырмандардың пайдалануына қолайлы жағдай жасау мақсатында кітап қоры 7 оқу залында әр түрлі салалар бойынша бөлінген. Кітапхананың бірінші және екінші қабаттарында 95 орынды 2 конференц-залдары бар.

Университеттің кітапханасының электронды кітап қоры мен 24 оқу-ғылыми электронды ресурс базалары білім алушыларға 7/24 қолжетімді. Халықаралық университет ретінде әлемнің ең маңызды ғылыми метрикалық қорланың бірі- TUBITAK ULAKBIM (30 484 толық мәтінді ғылыми журнал, 87 млн. библиографиялық мәтін, 3341 стандарт және т.б.) ресурстары білімгерлерге ұсынылды.

Факультеттер және кафедралар

Бүгінгі таңда университеттің 10 факультетінде:

бакалавриатта – 73, магистратурада – 30, резидентурада – 9, докторантурада – 15, интернатурада – 2 мамандық бойынша әлемнің 15 елінен келген 8 мыңнан астам студент, магистрант, резидент, интерн және докторанттар білім алуда. Оқу дәрістерін 72 ғылым докторлары мен профессорлары, 88 философия докторлары (PhD), 294 ғылым кандидаттары мен доценттері, 193 ғылым магистрлері жүргізуде. Оның ішінде Түркия Республикасынан келген профессорлар мен қызметкерлер саны – 37.

Білім беру үдерісінде қазіргі заманға сай компьютерлік, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларға негізделген ең озық оқу әдістері пайдаланылуда. Танымал ғалымдар спутниктік байланыстың көмегімен бейнеконференция жүйесі арқылы онлайн режимінде сабақ өткізеді. Оқу орны заманауи құрал-жабдықтар орналасқан мамандандырылған зертханаларға, оқу кабинеттеріне; оқу үдерісін жеделдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін макеттерге ие. Іргелі оқу ордасында Мекемтас Мырзахметұлы, Рахманқұл Бердібай, Мұрат Жұрынов, Тәкіжан Ағдарбеков, Қажыбек Бекбосынов, Рахима Жұбатырова тәрізді елімізге танымал белгілі ғалымдар мен әдебиет, өнер майталмандары, халық өртістері дәріс оқыған.

ДАЙЫНДЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 06.10.1997 жылғы №1/447 бұйрығымен ашылды. Құрылған кезінен бастап Қазақстандық және Түркиялық болып Түркі дүниесінен келетін білім алушылар түрік, қазақ, орыс және ағылшын тілін курс жүйесіне қарай үйренуде. Білім алушылар, Дайындық факультетінде күз және көктем жарты жыл, 2 семестр бойынша тек қана тіл үйренеді. Дайындық факультетінде оқитын білім алушылар, топтарға бөлініп, әр топта 2 тілде білім алады. Білім алушылар, тіл үйренгеннен кейін факультеттерді таңдай отырып, өз мамандықтарын 4 тілде жалғастыра алады.

Дайындық факультетінің білім алушылары, оқу жылында 3 түрлі топқа бөлінеді. Бірінші топ Түркия квотасындағы білім алушылар (ТК): бұл білім алушылар Қазақстан азаматтары, Түркия Республикасының шәкіртақысына ие. Екінші топ Түркі дүниесінен келген тыңдаушылар (ТД): бұл тыңдаушылар, әр түрлі мемлекеттерден және Түркі Мемлекеттерінен келеді және Қазақстан Республикасының шәкіртақысына ие. Түркі дүниесі үшін 200 грант бөлінеді. Үшінші топ Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар; бұл тыңдаушылар Қазақстан Республикасының шәкіртақысына ие.

Дайындық факультетіне жыл сайын түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан тыңдаушылар келіп білім алуда. Балтық елдері, Ресей Федерациясына кіретін Түркі тілдес Республикалар, Моңғолия, ҚХР, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Ауғанстандағы ұлттық орталықтар арқылы байланыс жасап, кәсіби бағдар жұмыстары жүргізіледі.

Университет аймағында студент асхана кешеніне қарасты бірнеше буфеттер мен тамақтану орталықтары жұмыс істейді.

Наубайхана

Студент асхана кешенінің наубайханасынан дайындалатын дәмді жаңа піскен хош иісті тоқаштар мен түрлі нан өнімдерін университетіміздің кез келген буфеттері мен асханаларынан татып көріп өзімен алып кетуіне болады. Орналасқан жерлері 1. 2. 3-корпустарда кітапханада және жатақханалар мен ректоратта орналасқан.

Жұмыс кестесі: Буфеттер мен асханалар жұмыс күндері 9:00-18:00.

Жатақханалар аптаның жеті күні 9:00-20:00

Студенттер асханасы

Университетіміздің аймағында екі қабатты үлкен асхана орналасқан бұл асхана университетіміздің студенттері мен қызметкерлері үшін арналған. Асхана бір мезетте 250 студентке қызмет көрсете алады. Асханада бір неше комплексті тағамдар ұсынылады. Асханамыздың ерекшелігі жеңілдетілген бағада студенттер үшін 300 тенге қызметкерлер үшін 350тенгеден комплекстік тағамдар беріледі университетіміздің аумағында орналасқан буфеттердің барлығы карточкалық жүйеде қызмет

көрсетеді.

Жұмыс кестесі: аптаның жеті күні сағат 12:00-14:30 дан 18:00-20:00 аралығында

Кофе-бар. Сыпайы жылы шырайлы кофебар қызметкерлері сізге сергек және хош иісті кофе дайындап береді. Сонымен қатар дәмді жана піскен тоқаштар мен түрлі нан өнімдерін ұсынады.

СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА

Университетімізде: 6 студенттер үйі (жатақхана) бар. Онда кітапхана, оқу залы, буфет, жаттығу залы, кір жуу бөлмелері, жиналыс өткізетін бөлмелер студенттерге қызмет жасайды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «АИ» дәрігерлік амбулаториясы «Тұран» жанұялық жатақханасында орналасқан. Студенттер мен қалашықта тұратын барлық профессорлар мен қызметкерлерге тәулік бойы алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Барлық оқуға түскен студенттер Ясауи клиника-диагностика орталығына тіркеледі. Клиникаға тіркелген студенттерге барлық медициналық көмек тегін көрсетіледі. «АИ» дәрігерлік амбулаториясы мен клиника диагностика орталығы бірлесіп отырып, студенттердің оқу барысындағы жыл сайынғы флюорографиялық тексеруін қамтамасыз етіп, қадағалап отырады. Шетелден келген қызметкерлер мен студенттерге клиникада арнайы дәрігер бекітілген.

МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

Мәдениет орталығы 1999 жылы іске қосылған. Университеттің ісшараларымен қоса қала, облыс көлеміндегі ісшаралар, концерттер, мерекелік жиындар өтетін орын.

Құрылымы: Үлкен мәжіліс зал – 680 орын, Кіші мәжіліс зал — 180 орын

«Түрік дүниесі тарихи панорамалық» мұражай;

«Ясауи» мұражайы;

Би залы;

Ән өңдеу студиясы;

Фото лаборатория;

Буфет;

Гардероб

Мәдениет үйнеқарасты үйірмелер:

1. Би
2. Эстрада ансамблі
3. Хор
4. Көңілді тапқырлар клубы
5. Ұлттық саппаттар фольклорлық ансамблі
7. Университет студенттерінен құрылған ВИА ансамблі
8. Көзқарас студенттік театры

СТУДИЯЛАР

Университетте заманауи үлгіде жабдықталған телестудия, радио студия, фото студиялар бар. Онда Журналистика факультетінің студенттері тәжірибелерін ұштайды. Радио студияда радиоға хабарлар дайындап, дауыс қойып үйренеді. Телестудия аты айтып тұрғандай телевизияға жаңалықтар, бағдарламалар дайындап, монтаждап роликтер дайындауды үйренеді. Ал фотостудияда фотоаппараттың қыр-сырын, түсіру тәсілдерін тәжірибе жүзінде қолданып білімдерін ұштайды.

СПОРТ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Университетімізде студенттер үшін салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 16 спорт секциясы бар. Оған 700-ге жуық студент қатысады.

Дзюдо (ерлер, әйелдер), қазақ күресі, самбо, еркін күрес, баскетбол (ерлер, әйелдер), тазквондо, бокс, гимнастика, тозизкумалак, волейбол (ерлер), сонымен қатар спорт секциялары мен спорт залдар.

Бассейндер үзіліссіз жұмыс істейді. 13 аға жаттықтырушы, оның ішінде үш ЗТРК, бір МСМУ, 1 жаттықтырушы және 1 спорт нұсқаушысы студенттермен жаттығулар өткізеді.

Хож Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің спорт кешені - көп салалы орталық

Университеттің спорт клубының құрамына кіретін спорттық клубтар: дзюдо, самбо, еркін күрес, қазақша күрес, тазквондо, бокс, гимнастика, баскетбол, валебол, тоғызқұмалақ, суға жүзу, үстел теннисі, ауыр атлетика.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР!
СІЗ ТАҢДАҒАН УНИВЕРСИТЕТ КОДЫ – 037



БАКАЛАВРИАТ

МАГИСТРАТУРА

№	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОПТАРЫНЫҢ АТАУЫ	№	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОПТАРЫНЫҢ АТАУЫ
V001	Педагогика және психология	V001	Педагогика және психология
V002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	V002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
V003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	V003	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау
V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	V005	Дене мәдениеті педагогтерін даярлау
V005	Дене мәдениеті мұғалімдерін даярлау	V006	Музыка педагогтерін даярлау
V006	Музыка мұғалімдерін даярлау	V007	Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтерін даярлау
V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	V011	Физика педагогтерін даярлау
V009	Математика мұғалімдерін даярлау	V011	Физика педагогтерін даярлау
V010	Физика мұғалімдерін даярлау	V010	Математика педагогтерін даярлау
V011	Информатика мұғалімдерін даярлау	V012	Информатика педагогтерін даярлау
V012	Химия мұғалімдерін даярлау	V013	Химия педагогтерін даярлау
V013	Биология мұғалімдерін даярлау	V014	Биология педагогтерін даярлау
V014	География мұғалімдерін даярлау	V015	География педагогтерін даярлау
V015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	V019	Шет тілдері педагогтерін даярлау
V016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	V017	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау
V017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	V018	Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау
V018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	V018	Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау
V021	Орындаушылық өнер	V050	Философия және әдеп
V022	Эстрада өнері	V053	Тарих және археология
V025	Дәстүрлі музыка өнері	M051	Дінтану және теология
V027	Театр өнері	M054	Түркітану
V028	Хореография	M059	Шетел филологиясы
V031	Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны	M059	Шетел филологиясы
V033	Дінтану және теология	M060	Филология
V035	Түркітану және шығыстану	M061	Әлеуметтану
V036	Аударма ісі	M063	Саясаттану және конфликтология
V037	Филология	M064	Халықаралық қатынастар
V040	Саясаттану және азаматтық құқықтану	M070	Экономика
V042	Журналистика және репортерлік іс	M070	Экономика
V044	Менеджмент және басқару	M072	Менеджмент және басқару
V045	Аудит және салық салу	M073	Аудит және салық салу
V046	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	M071	Мемлекеттік және жергілікті басқару
V049	Құқық	M074	Қаржы, банктік және сақтандыру ісі
V050	Биологиялық және сабақтас ғылымдар	M072	Менеджмент және басқару
V051	Қоршаған орта	M072	Менеджмент және басқару
V054	Физика	M072	Менеджмент және басқару
V055	Математика және статистика	M071	Мемлекеттік және жергілікті басқару
V057	Ақпараттық технологиялар	M078	Құқық
V062	Электр техникасы және энергетика	M078	Құқық
V063	Электр техникасы және автоматтандыру	M087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы
V086	Жалпы медицина	M089	Химия
V087	Стоматология	M090	Физика
V091	Туризм	M092	Математика және статистика
V140	Халықаралық қатынастар және дипломатия	M094	Ақпараттық технологиялар
		M094	Ақпараттық технологиялар
		M094	Ақпараттық технологиялар
		M094	Ақпараттық технологиялар
		M099	Энергетика және электр техникасы
		M100	Автоматтандыру және басқару
		M144	Медицина
		M140	Қоғамдық денсаулық сақтау

БІЗБЕН БАЙЛАНЫС:

Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29,
Байланыс тел.: 8 (72533) 63636

РЕЗИДЕНТУРА

ДОКТОРАНТУРА

№	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОПТАРЫНЫҢ АТАУЫ	№	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОПТАРЫНЫҢ АТАУЫ
R030	Педиатрия	D001	Педагогика және психология
R032	Акушерлік және гинекология, соның ішінде балалар гинекологиясы	D010	Математика педагогтерін даярлау
R036	Жалпы хирургия	D011	Физика педагогтерін даярлау
R037	Неврология, соның ішінде балалар неврологиясы	D014	Биология педагогтерін даярлау
R039	Терапия	D016	Тарих педагогтерін даярлау
R038	Отбасылық дәрігер	D017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
R001	Кардиология, соның ішінде балалар кардиологиясы	D019	Шет тілдері педагогтерін даярлау
R008	Эндокринология, соның ішінде балалар эндокринологиясы	D070	Экономика
R020	Нейрохирургия, соның ішінде балалар нейрохирургиясы	D072	Менеджмент және басқару
R004	Гастроэнтерология, соның ішінде балалар гастроэнтерологиясы	D071	Мемлекеттік және жергілікті басқару
R027	Офтальмология, соның ішінде балалар офтальмологиясы	D078	Құқық
R017	Анестезиология және реаниматология, соның ішінде балалар анестезиологиясы және реаниматологиясы	D094	Ақпараттық технологиялар
R004	Психиатрия, соның ішінде балалар психиатриясы	D094	Ақпараттық технологиялар
R014	Сәулелі диагностика	D141	Медицина
R018	Кардиохирургия, соның ішінде балалар кардиохирургиясы	D139	Қоғамдық денсаулық сақтау
R042	Клиникалық фармакология		
R040	Дене медицинасы және оңалту		

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІН ТАҢДАУҒА 10 СЕБЕП

- Төрт тілде білім алу (қазақ, түрік, ағылшын, орыс);
- Әлемнің 19 мемлекетінен келген 41 ұлт пен ұлыстың өкілдерімен бір шаңырақ астында білім алу;
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде 1 немесе 2 семестр білім алу;
- Әлеуметтік жағдайына байланысты оқу ақысына жеңілдіктер;
- 100-ден астам клубтар мен үйірмелер;
- Шетелдің үздік университеттерінің профессорларынан білім алу;
- Дуалды білім жүйесі;
- Ең төменгі бағада асхана мен жатақхана;
- Оқу жетістігі бойынша мемлекеттік немесе Түркия грантына ауысу;
- Студенттік Стартап жүйесі.

БІЗБЕН БАЙЛАНЫС:

Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29,
Байланыс тел.: 8 (72533) 63636



Болашағың жарқын болуы - өз қолыңда!

Ауаны тұмшылаған тұмау

Әлем жұртшылығын әбігерге салып, дүние жүзін дүрліктірген Коронавирус індетіне шалдыққан науқастар саны күрт көбеюде. Бастапқыда дес бере қоймаған халықтың қазіргі жағдайы тым ауыр. Симптомсыз, өкпеден қысатын тұмаудың атын да әлі біліп болмай жатып, қаншама адам бақилық болып жатыр. «Құдайым-ау не болып кетті!»- деп не істерін білмей дал болған жұрт. Емханаларлық толы. Дәріханаларда дәрілер тапшы. Дәл қазіргі кезең бір мылтықсыз соғыс жүріп жатқандай әсер береді екен. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде де көрген білгендерін жарысып жазып жатыр. Соларды сараптап көрейік.

Журналист Нарымбетова Бейсенкүл, ФБ парақшасынан:

«Індет туралап келсе, озық технологияң да, қарыштап дамыған медицинаң да түк істей алмай қалады екен. Күн парацетомол мен аспирирге қарады. Парацетомол жоқ дәріханаларда. АМАН БОЛАЙЫҚ.»

Бекжігіт Серделі, ФБ парақшасынан:

«Әлеуметтік желіде "Тараз қаласында дезинфекциялау жұмыстарын жүргізудің екінші толқыны басталғаны" туралы жылы хабар тарап жатыр. Бәрекеңді! Тараз қаласының әкімі қаладағы дезинфекция жасайтын арнайы мекемелерге - "Ұлттық сараптама орталығына", "Радиологиялық бақылау орталығына", "Жасыл Ел-Тараз", "Халықтың денсаулық орталығы" және "Жамбыл обаға қарсы күрес станциясының" мамандарына алдағы күндері залалсыздандыру жұмыстары жүргізілетін аумақтарды нақтылап белгілеп беріпті.

Ал, кейінгі кездері тұмаудың эпидемиялық ошағына айналып отырған Түркістан қаласында бұл турасында не әрекет бар? Көше-көшені, үй-үйді залалсыздандырып, дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу жоспарланып жатыр ма? Әлде, басталып кетті ме? Басталса, ресми ақпарат көздері мұны неге таратпай отыр?

Жазира Исаева, ФБ парақшасынан: «Әлеуметтік желі жетесіне жеткізіп айтып-ақ, шырылдап-ақ жатыр. Тыңдар құлақ болса.... Шүберекке жанын түйіп, қанша халық сендей соғылып..... жайсыз жағдай белең алып, індет өршу

үстінде.... Ауа тазармай, адам індеттен тазармасы анық!»

Мессенджерде Алматыдағы №4 қалалық клиникалық ауруханасының дәрігері Болат Түсіпхановтың аудио хабарламасы тарай бастады. Ол үндеуінде қазіргі жағдайды мәлімдеді. Оның айтуынша ол үнемі байланыста болған екі хирург коронавирус жұқтырған.

"Біреуі ауыр халде жансақтау бөлімінде жатты, әрең дегенде тәуір болды. Екіншісі де жатыр. Бүгін кафедра меңгерушісі де ауырып қалды. Біз бәріміз бірге отырамыз, бірге тұрамыз. Соған қарағанда біз де жұқтырған сияқтымыз", - деді Болат Түсіпханов.

Б.Түсіпханов Алматының ауруханалары науқастарға лық толы, палаталар мен жансақтау бөлімдерінде орын жоқ екенін атап өтті.

"Бұл шындық. Өздеріңді күтіндер, сақ болыңдар. Қазір ешкім ештеңемен айналысқысы келмейді. (...) Ешкім дәрі бермейді. Бізде қазір хаос. Ешкімнің ештеңеге зауқы жоқ, дау-жанжалдан қорқады", - деді хабарлама авторы. SputnikNews.kz.

Соңғы күндері Түркістан қалалық орталық ауруханасына тұмау белгілерімен дәрігерлік көмекке азаматтар жиі жүгінуде. Науқастарда дене қызуының көтерілуі мен жөтел және әлсіздік байқалады, деп хабарлайды Түркістан облысының өңірлік коммуникациялар қызметі.

Медициналық тексеру нәтижесінде науқастардан пневмония, яғни өкпенің қабынуы анықталды. Ауруханаға түскен азаматтардан шұғыл түрде Covid-19 инфекциясына сынама алынады. Ал нәтиже дайын болғанға дейін олар провизорлық стационарда ем қабылдайды.



"Теріс нәтиже шыққандары аурухана бөлімдеріне жатқызылып, тиісті емдерін қабылдауда. Негізінен науқастардың басым көпшілігі пневмонияға шалдыққан. Тексеру барысында коронавирус инфекциясына теріс нәтиже көрсетуде", - делінген хабарламада.

Қазіргі таңда Түркістан облысы бойынша провизорлық ауруханаларда 121 науқас пневмониядан ем қабылдауда. 87 азамат жазылып шыққан.

Ал Түркістан қаласы бойынша бүгінге дейін 129 адам инфекция жұқтырып, оның 62-сі жазылып шықты. 32 науқас инфекциялық стационарда ем алып жатыр. Барлық індет ошақтарына залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

SputnikNews.kz.

Міне нақты деректерге сүйенсек пневмония белең алып, халықты әуре-сарсаңға салып жатыр. Ол қайдан келді? Негізі ауру ошақтары қайдан пайда болады? деген сұрақтар көптің көкейінде жүргені рас. Оған өз болжамдары да жоқ емес.

ЕРІКТІЛІК ДЕГЕН НЕ?



Мен Халықаралық қазақ-түрік университетінің ағылшын – қытай мамандығының 3 курс студентімін. Сонымен қатар Түркістан облыстық Жас Отан Жастар қанатының волонтерімін. Еріктілік соңғы уақытта менің өмірімнің мәніне айналды.

Соңғы жарты жылдықта елімізде болып жатқан жағдайға байланысты Жас Отан мен бірге талай ерлік жасадық десем қате айтпадым деп есептеймін. Біздің де елге коронавирус дерті келді дегенде төбе шашымыз тік тұрып жиналыс жасадық. Сол күннен бастап біз аянбай еңбек еттік. Алғашқы күндері абыржып не істерін білмей қалған жұрт азық-түліктен де бірінші ұзын сонар кезекке тұрып бетперде яғни маска сатып

алуға тұра ұмтылды. Қаламызда маска тапшылығы орын алғанын көріп тез арада маска тігіп тегін тарқатуды ұйғардық. Алайда бізде тігін шеберханамыз болмағандықтан бір еріктінің машина жабдықтарын тігетін шеберханасын пайдаландық. Ең қызығы содан басталды десем кем айтпағаным болар. Ертесіне а н т и с е п т и к т а у ы п , шеберхананың ішін тазалап қолына осы уақытқа дейін ине ұстап көрмеген Таңшолпан, тігін машинасында бірнеше жыл жұмыс істеген адамға ұқсап отыра қалып тігін тіккенін ойласам, әлі күнге дейін күлкім

келеді. Келесі күндері біз үшін ауыр күндер болды. Таң ата салысымен Нұр Отан ғимаратына келіп азық-түліктерді сұрыптап кеш батам дегенше соларды тарқату қиын болғанымен қызыққа толы болды. Жағдайы төмен отбасыларға барып азық-түлік тарқату және ата-әжелердің, ақ жаулықты аналардың алғысын алу біз үшін ең биік марапаттау деп есептеймін.

Сол күндердің нәтижесі болар, күні кеше менің арқа сүйер ағам, Жас Отан Жастар қанатының төрағасы Жансері Жұман біз үшін өте қуанышты жаңалық айтты. Оны естігенде өзімді қоярға жер таппай қуаныштан төбем көкке жете жаздады. Бізге, Елбасының атынан алғыс хат келіпті. Қуаныштан басым айналып үйге қалай жетіп, анама қалай айтқанымды да білмеймін.

Нұр үстіне нұр болып алғыс хатты облысымыздың әкімі, менің кумирім Өмірзақ Шөкеевтен алатынымыз мені одан да қатты қуантты. Ерікті болып жүргенде бұндай жетістікке жету үш ұйықтасам түсіме кірмеді де. Елбасының қолы қойылған Алғыс хат әр еріктіміздің көз қуанышы, сонымен қатар үлкен жетістіктерінің бірі.

Біздің еріктілік жұмыс бұнымен аяқталып қалмайды. Ерікті болу мен үшін жаңа әлемді ашып білмегенді үйрену, білгенім 9 болса білмегенім 99. Әлі де алда еріктілік арқылы биік белестерді бағындыратыныма сенімім мол!

Таңшолпан ТАЛҒАТҚЫЗЫ
студент



ҚҰНДЫЛЫҚТЫ КӨТЕРГЕН ҚОС КІТАП



Бұл тақырып осы кезге дейін арнайы зерттелінген емес, енді қолға алынып отыр. Ақиқатында, қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті, кәсібі, діні, өмір сүру ережесі, заңы, философиясының түп-төркіні дала пайғамбары атанған Спитама Жаратуштра жасаған 21 кітаптан құралған, поэзия тілінде жасалған тұңғыш жазба мұра – қасиетті «Авеста» кітабында жатыр. Мысалға, көне түркілер табынған Тәңірлік дін негізі сол даналық шығарма «Авеста» кітабында сақталғаны ғылыми негізде тұжырымдалды. Осы ең көне, құдіретті мұра Сырдария мен Өмүдарияның Арал теңізіне құярындағы Хорезм аймағында жасалғаны, оны дүниеге әкелген Спитама Жаратуштра сол өңірде өмір сүргені ғылыми негізде мәлімденді. Хорезмді ежелден көне түркілер мекендеген.

Жаратуштра жасаған Тәңірлік дін көне түркілер өмірімен ежелден бірге өрілген. Мысалға, Талас, Алтай, Енисей, Орхон, Тұрфан бойындағы дәу қой тастарға, биік, жалпақ мраморларға және қағазға түсірілген көне түркі руна жазбаларына Тәңірлік дін тікелей өзек болып тартылған. Сондай-ақ, көне түркі жырлары, аңыздары, ертегі, эпостық шығармаларының көбісі тәңірлік наным негізінде қалыптасқан. Демек, ежелгі Египет, Шумер, Қытай өркениетімен қатарласа шыққаны толық аңғарылады. Оған арнайы зерттеу жасап, ғылыми негізде дәлелдемеген соң тасада ұмыт қалыпты. Қысқасы, осы еңбектегі әр бөлім, әр тарау арнайы терең зерттелінген, бірнеше талқылаудан өтіп, ғылыми

Ұлттық рухани байлығымызды, ғылымымызды бұрынғыдан да әлемге кеңінен таныту үшін әдебиеттану ғылымының керегесін кеңге жайып, ашылмаған жұмбақ сырларын ғылыми тұрғыда тереңдете зерттеп, құнды жаңалықтарды туындатып, өмірге енгізуіміз аса қажет. Сондай күрделі мақсаттарды көздеп, бұрын айтылмаған, сөз болмаған тың мәселелерді біліктілік, ойлылықпен көтеріп шыққан жұмыстардың бірегейі – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, маңызды тақырыпта 40-тан астам көлемді еңбектер жазып жария еткен Тоқболат Еңсегенұлының жақында жарық көрген «Тәңірлік дәуір әдебиеті – «Авестадан» «Диуани хикметке» дейін» (Алматы: «Тоғанай Т», 370 бет, жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Уәлихан Қалижанов) атты монографиялық еңбегі.

басылымдарда жарияланып, жинақталған ғылыми түйіндеулер шығарылған, қайнауы піскен монографиялық жұмыс.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, онға жуық көлемді көркем шығармалардың авторы, белгілі журналист Тоқболат Еңсегенұлының таяуда жарық көрген «Жан айқай жыры» (Алматы: «Тоғанай Т», 2020. 350 бет) атты поэма, өлеңдер жинағының көтеріп шыққан жүгінің күрделі, ауқымды, өміршеңдігін бір ауыз түйін сөзге сыйғызу қиындау. Еліміздің егемендік алғанына отыз жылдан асып барады. Тұрасына көшсек, Тәуелсіздік ол өзіне ғана тәуелділік. Құлдық бақыттан құтылу тәуелсіздіктің ең ұлы белгісі. Анау аталған бақытты құл өзінің қожайынының сойылын беріле соғатын жан, бұл жағымпаздар әлгіндей қасиетімен патшадай болып тірлік ететін пенделер, бірақ, намыс, арды ұмытқан.

Ұлы Абай Құнанбайұлы бұдан 175 жыл бұрын «Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, аузымен орақ орған өңкей қыртың. Бас-басына би болған өңкей қиқым». «Өзің жалғыз, надан көп, ұқтырарсың сен не деп», – деп айтыпты. (Абай. Шығармалары екі томдық толық жинағы. Екінші том. Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар, қара сөздер. Алматы: «Жазушы». 2005, 49-бет.). Шынында, біз сол қалпымыздан әлі өзгере қойған жоқпыз. Егер, әрбір қазақ өзіңді-өзің танып, ойланбасаңыз, өмірдің жойқын толқынына көміліп, тобыр қатарына қосыласыз. Қайтадан күшті империялардың езгісіне түсесіз.

Ал Тобыр, олар шаш сияқты, бір-бірінен айнамайды. Тобыр қарны тойғанын ғана ойлайды, әрі еліктегіш, көңгіш. Өйткені, біз бірнеше ғасырлар бойы құлдыққа болып, бойға сіңген енжарлық, салғырттық, бейшаралық, мүлгіп өмір сүруден арыла алмай келеміз, осы әрекеттерден арылмасақ, құлдықтан құтылмаймыз.

Енді ел, халық тағдырына, болашағына деген құштарлық кеудесін кернеген адам, сол сәттен әлеуметтік, тобырлық деңгейден жеке тұлғалық, бірегейлік деңгейге көтеріледі. Сонымен, ой, ақыл, биік сананы игеріп, өзіне айқын мақсат қойып, жанпидалықпен алға ұмтылған адам тұлғаға айналады. Түйіп білдірсек, қай ел жеке тұлғалардың құнын бағалап, бір басы мыңға татитын қабілетті тұлғаларды тәрбиелеп, жетілдірудің жолын таба білсе, сол жұрт

асқан өркениетті қалыптастырады. Қазаққа Кеңес дәуірінің «пролетариат» деген ұранынан және еліктеуден бас тартып, шынайы, мәңгілік бағытқа шұғыл бетбұрыс керек. Бұл кітаптың «Жан айқай жыры» атануы содан.

Мына жыр жинағының негізгі сыр-сипатын ондағы бірінші бөлімнің «философиялық ой толғаулар» деп аталуынан да аңғаруға болады. Алғашқы тарау поэмалар, оған жұртты тездете оятау «Ащы айтса құлаққа жетер» деп атау қойып, үміттену бар. Әуелгі «Қасқыр мен иттің жолы» деген поэмада ататектен өу баста айнамаған, тауға қарап ұлитын, қайсар, күштіліктің, өз бетімен өмір сүрудің кемелдігін жалғастырған көкжал қасқыр образы ойлы жырмен жасалған. Одан кейін, құлқыны үшін ататектен безген, өмірбақи иесіне құлшылықпен өмір сүріп, өлген «Ит жолы» да салыстырамалы түрде, тас жүректі оятар терең сезімге орап символмен берілген. Келесі, «Тобыр мен тұлға деңгейі» поэмасы, яғни «Тобыр келбеті» жыры жоғарыда анықтама түрінде түйінделіп түсіндіріліпті.

«Тұлға деңгейі» поэмасының мәні мынау, табиғат пен адам құпиясын ішіне бүккен жұмбақ өлем. Өйткені, ақыл, ой, тіл, қиялды жаратушы тек Адамға сыйлаған. Оған қоса, табиғат бөлшектері мен адам жаратылысында ұқсастық бар. Мәселен, қыран саусақпен санарлықтай. Дарабоз даналар да сондай. Тұлға заман тудыратын тарихи келбет деуге келеді. Тұлға көрінбесе, бастамаса демократия да қалыптаспайды. Демократия әділет, тәртіп, шындық, халық қамы үшін күрес. Өмірлік мәнді, маңызды, құнды жақсылықтарды тұлғалар жалғыз жүріп жасайды. Поэмада сондай бейне қалыптасқан. Әрбір қазақ тобырдан шығып тұлғаға айналуы қажет. Ол үшін ұлттық рух, ақыл, ой, биік дүниетаным, сана керек.

Осы бөлімдегі екінші тарау «Мәңгі ел болудағы талаптар мен болжамдар», үшінші тарау «Намыс, сана өлең өзегі» деген атаумен берілген. Сонымен, мықты, мәңгі, бай ел болудағы сан қырлы істердің бүгін мен болашағы шағын жыр-өлеңдермен терең ой, философиялық пайымдауға орап берілген. Жинақты құрап тұрған келесі бөлімдер де осындай күрделілікте жасалынып көркем ойға суарылған жыр, ой толғаулар.

Эльмира Артықбаева

ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕТІН ТАЛАПКЕРГЕ!

Ақпаратсыз өмір жоқ. Ананы білгің келеді, мынаны білгің келеді. Ал, сол хабарды ізін суытпай шынайы түрде жеткізуші маман – журналист. Газет, журнал, радио, телеарна, баспасөз қызметі, баспа, интернет – бәрінде де ұшқыр қалам иелері қызмет етіп жүр. Күйіп тұрған оқиғаның басы-қасында болу, сауатты хабар тарату, қажетті маман мен тікелей эфир арқылы жүздестіру, әділдікке араша сұрау, шынайылыққа қол жеткізу – «төртінші билік» иелерінің күнделікті кәсібі. Журналистика – мың профилді мамандық, қызмет аясы да кең: биліктің түрлі құрылымдары, үкімет, парламент, әкімдік, газет, радио, телевизия, интернет, баспасөз қызметі, баспа... Таңдап ал да, талантыңды таныта бер! Студент кезінен жұмысқа араласып, төрт жыл бойы өндірістік базада қызмет ететін, кейін қабілетіне қарай оңда қызметте қалып қоятын маман иесі де осылар! Шығармашылық идеяларға толы жастар киберлэндтері, қызықты форумдар, тренингтер, шебер-сыныптар, конкурстар, патилер, ток-шоулар, қысқасы, студенттік шақтың қызықты сәттері... бәрі-бәрі өзінді асыға күтіп тұр!

Таңдап қайтесің? Түркістанға тарт! Рухани орта, киелі мекен, жаңа қала... Мұнда түркі жұртына танымал халықаралық оқу орны бар. 19 мемлекеттен келіп білім алып жатқан 40-қа жуық этнос жастары мен бір партада отырып достасасың, салтын білесің, дәстүрімен танысасың, өндерін қосыла шырқайсың. Бауырмал боп, ыстық құшағыңа

басасың.

Құрметті талапкер!

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі 6B03239-Журналистика білім беру бағдарламасын таңдауға 10 себебің бар:

біріншіден, мұнда төрттілде (қазақ, түрік, ағылшын, орыс) білімаласың;

екіншіден, мемлекеттік грантқа ілікпей қалсаң, Түркия гранты конкурсына қатысуға мүмкіндігің бар;

үшіншіден, мұнда жатақханада орын жеткілікті, жігіттер мен қыздар екі бөлек – екі жатақханада тұрады;

төртіншіден, мұнда студенттер асханасында 250 теңгеге тоя тамақтануға болады;

бесіншіден, мұнда Маулана бағдарламасымен немесе академиялық ұтқырлықпен Түркияда бір мәрте білім алып келуіңе мүмкіндігің бар;

алтыншыдан, мұнда заманауи құрылғылар мен жабдықталған телестудия да, радиостудия да, фото зертхана да тәжірибенді ұштап, тәулік бойы жұмыс істейтін «Ясауи-FM» радиосын да үнді әлемге естіруге мүмкіндік аласың;

жетіншіден, мұнда оқудан қол үзбей жүріп Түркістан қаласындағы «Алатау» медиа орталығында, облыстық тілшілер теле қосынында, аймақтық коммуникация орталығында, жастар ресурстық орталығында, жергілікті

газеттер мен телеарналарда тәжірибенді ұштайсың;

сегізіншіден, мұнда халықаралық медиафорумдар мен баспасөз мәслихаттары, брифингтер мен медиаконференциялар, тренингтер мен шебер-сыныптар жиі өтіп жатады. Бұл сенің репортерлік, операторлық, PR-хатшылыққа білетіңнің артуына кең мүмкіндіктер ашады;

тоғызыншыдан, мұнда киелі мекендер көп. Әрі демалысың этно-саяхаттаулармен, киберлэндтермен қызықты өтеді;

оныншыдан, мұнда Түркістан брендімен танысасың (Өзірет Сұлтан кесенесі, шығыс моншасы, қырық құлашты Үкәша ата құдығы, «Ақмешіт» үңгірі, Жылаған ата сарқырамасы т.б.); Түркістан брендінен дәм татасың (әсіп, қақ, қауын құрт, мейіз қосылған палау, бауырдан және балықтан әзірленген көуап т.б.); Түркістан шипасуларынан ем аласың.

Ал, ойланба! Түркістанға – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне кел!

P.S.: Айтпақшы, биылғы оқу жылынан "Цифрлық журналистика" ("Digitaljournalism") мамандығын да ашқалы жатырмыз. Ол да қаперлеріңде жүрсін...

Бекжігіт СЕРДӘЛІ

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, профессор

<p>Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p> <p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <p>Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p> <p>Редактор м.а.: Эльмира АРТЫҚБАЕВА</p> <p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru</p>	<p>Ақпарат орталығы: Бейсен Тельман telabdi@mail.ru</p> <p>Тілшілер: Эльмира АРТЫҚБАЕВА elmira_artykbaeva@mail.ru</p> <p>Дизайнер: Мұрат ШАХАНБАЕВ</p> <p>Фото маманы: Нақып Шынтеміров</p>	<p>Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды.</p> <p>Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс.</p> <p>Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды</p>	<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p> <p>2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.</p>
--	---	---	---